



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Қазақстанның Конституциялық тәртібінің негіздерін сақтау және мемлекеттік құндылықтар мен мүдделердің тұрақты жүйесін қалыптастыруға бағытталуы қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1) Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. - 569 б. ISBN 9965-808-89-9

2) <https://egemen.kz/article/161955-qoghamdyq-sanany-zhanhghyrtu-turaly-saualnama-zhurgizildi>

3) Massaget.kz

4) Әбсаттаров, Р.Б. Саясаттану негіздері: (екі томдық оқу құралы)

5) К Маркс, Қосымша құн теориялары, I том, 261 бет.

ЖОҒАРЫ БІЛІМ САЛАСЫН БАСҚАРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ЖОҒАРЫ БІЛІМ САЛАСЫН ТӘЖІРИБЕЛІК ТАЛДАУ

Омарова Бибижан Асылловна

muxametnur@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультетінің 1-курс студенті Ғылыми жетекшісі:

з.ғ.м., аға оқытушы Мырзатаев Н.Д.

Түйіндеме

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының жоғарғы білім саласы сонымен қатар, Финдықтардың жоғарғы білім саласындағы тәжірибесі жайлы жазылған. Қазақстан Республикасының 2007 жылы қабылданған «Білім туралы» Заңды қолдана отырып, жоғарғы оқу орындарына қойылған талаптар туралы жазылған.

Кілттік сөздер: жоғары білім, жоғары білім саласын басқару, шет елдік жоғары білім беру саласы, Фин жүйесі, ЖОО.

Тәуелсіз Қазақстанның жоғары білім жүйесін құқықтық реформалау туралы бетбұрыстандыру оқулықтарда бірнеше кезеңнен тұратындығы қарастырылған. Олар:

1 кезең – жоғары білім жүйесінің заңдық және нормативтік құқықтық базасының қалыптасуы (1991-1994 жылдар);

2 кезең – жоғары білім жүйесін модернизациялау, оның мазмұнын жаңарту (1995- 1998 жылдар);

3 кезең – білім беру жүйесін қаржыландаруды орталықсыздандыру, білім беру мекемелерінің академиялық еркіндігін кеңейту (1999-2000 жылдар);

4 кезең – жоғары кәсіптік білім беру жүйесін стратегиялық дамыту (2001 жылдан бастау алған қазіргі кезең).

Қазіргі Қазақстандық білім беру жүйесі «Білім туралы» Заң (2007 жыл), «Білім» мемлекеттік бағдарламасы (2000 жыл), «2010 жылға дейінгі білімді дамыту стратегиясы» (2001 жыл), «2005-2010 жылдарға арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» (2004 жыл) сияқты стратегиялық нысандағы құжаттармен бекітілген [1].

Білім беру ісінің мәні, міндеттері және принциптері. Қазіргі өскелең өмір талаптарына сай жастарға білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту - қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Білім беру - бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз процесі. Қазақстан Республикасында жастарға білім беру процесі халқымыздық ұлттық салт-дәстүріне, мәдениетіне, экономикасына және саяси өміріне негізделіп іске асырылады.

Білім туралы заңда көрсетілген білім беру жүйесінің негізгі міндеттері:

- Жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, адамгершілік пен

салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, әрбір адамды дамыту үшін жағдайлар жасау;

- Азаматтықты, үйелменнің, халықтың, қоғамның және мемлекеттің алдындағы жеке адамның құқылары мен міндеттерін ұғынуды, сондай-ақ республиканың мәдени, қоғамдық, экономикалық және саяси өміріне қатысу қажеттілігін тәрбиелеу;

- Республика тұрғындарына жалпы және кәсіптік білім алу үшін мүмкіндіктер жасау;

- Жеке адамның шығармашылық қабілеттерін және эстетикалық тәрбиесін дамыту;

- Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүр-салтын оқып-үйрену үшін жағдайлар жасау

[2].

Халыққа білім беру ісін дамытуда педагогикалық фактордық да әсері бар. Мысалы, мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесін ерте бастан қолға алып, оларды тиісті дайындық пен мектепте оқуға дайындау қажет. Ол үшін балалар бақшасында және үйелменде тәрбие жұмысының процесіне нақты педагогикалық басшылық жасап, оның барынша сапасын және нәтижесін арттыру тәрбиешілерден, ата-аналардан, мектепке дейінгі мекемелер меңгерушілерінен үлкен педагогикалық шеберлікті талап етеді. Халыққа білім беру жүйесінің міндеттерін жүзеге асыру білім берудің мемлекеттік саясат принциптеріне тәуелді. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңы бойынша мына мемлекеттік қағидалар басшылыққа алынады:

1) Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының білім алу құқықтарының теңдігі;

2) Әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуы, психикалық физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі тұрғындарының білімге қол жеткізуі;

3) Білім берудің зайырлы сипаты;

4) Жеке адамның білімділігін ынталандыру және дарындылығын дамыту;

5) Білім беру сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі; оқу мен тәрбиенің бірлігі;

6) Білім беру ұйымдарының меншік нысандары бойынша, оқу мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрлі болуы;

7) Білім беруді басқарудың демократиялық сипаты және білім беру ұйымдарының академиялық бостандықтары мен өкілеттілігін кеңейту;

8) Білім берудің ізгілікті және дамытушы сипаты;

9) Білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциялануы;

10) Оқушыларды кәсіптік бағдарлау;

11) Білім беру жүйесін ақпараттандыру [3].

Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардық (бірлестіктердің) ұйымдық құғылымдарын құруға және олардың қызметіне жол берілмейді. Білім беру ісін басқару мемлекеттік-қоғамдық сипатта болады. Республикада Білім және ғылым министрлігі оның төменгі атқарушы органдары Қазақстан Үкіметінің білім беру саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы негізінде білім беру жүйесінің құрылымы екіге бөлінеді: жалпы білім беру және кәсіптік білім беру. Кәсіптік білім берудің әрбір сатысындағы білім беру мазмұны тиісті кәсіптік бағдарламамен белгіленеді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту. Мектепке дейінгі тәрбие отбасында және мектепке дейінгі ұйымда жүзеге асырылады. Бес, алты жастағы балаларды мектепке барар алдында даярлау міндетті және ол отбасында, мектепке дейінгі ұйымда немесе мектепте жалпы білім беру бағдарламаларының шеңберінде жүзеге асырылады. Ол мемлекеттік білім беру ұйымдарында тегін жасалады.

2012 жылы Қазақстандағы ЖОО саны 2008 жылмен салыстырғанда 5-еге кеміген. Жоғары білім беру жүйесіндегі мұндай үрдісті Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің ЖОО қоятын талаптарының артқанын, мемлекеттік бақылау мен үйлестіру, реттеу шараларының қатаңдағанымен түсіндіре аламыз. Сонымен бірге жеке меншік ЖОО санының артуы оларға автономияның көбірек берілуінен, ал шешім қабылдау

үдерісі орталықсыздандырылып, ЖОО басшылығына берілгенімен анықталады. Егер бұрын мемлекет экономикамен қатар, өз жоспарларын жүзеге асыру үшін мамандарды даярлауды да жоспарлаған болса, қазіргі күні жоғары білім жүйесі ұлттық және халықаралық еңбек нарықтарының талаптарын ескеруге тырысады. Қазіргі күні Қазақстанда жоғары білімді мамандарды даярлаудың салалық жүйесі басым, ол гуманитарлық және техникалық ғылымдар саласындағы білімін үйлестіретін, жан-жақты білім алған, бірнеше шет ел тілдерін меңгерген, басқарушылық бейімі бар жаңа ғасырдың жұмысшы күшін дайындауды біршама шектейді. Даярлаудың мұндай деңгейін негізінен университеттер қамтамасыз етуге қабілетті. Мұны жоғары білім жүйесінде университеттік типтегі білім беру мекемелері басым дамыған елдер тәжірибесі көрсетеді. Білім жүйесі, оның ішінде жоғары мектеп халықты жұмыспен қамтуды ынталандырып, жұмыссыздықты қысқартуда маңызды рөл атқарады. Ол еңбек рыногынан жастардың бір бөлігін тарта отырып, әлеуметтік шиеленісті әлсіретеді.

Кәсіптік білім адами капиталдың қалыптасуын қамсыздандырады. Адами капитал табыс әкеле алатын адамдағы қабілеттердің мөлшерін білдіреді. Ол тума біткенақыл-ой мен физикалық қабілет, дарын мен табиғат берген сыйды ғана қоспайды, сонымен бірге алынған білім мен біліктілікті қосады. Жұмысшы күшінің біліктілік деңгейі адами капиталдың жағдайын көрсетеді. Адами капиталдың артуы еңбеккерлердің кәсіптік-біліктілік деңгейінің өсуін бейнелейді. Кәсіптік білім, біліктілік алу жұмысқа орналасу мәселесін шешуде еңбеккер үшін өте маңызды болып табылады. Жұмыс беруші үшін білімі туралы дипломының болу факті, сол адамның белгіленген іріктеуден өтіп, сапалы, білікті жұмысшы күші категориясына енгенін білдіреді. Көптеген елдер шешуші маңызды экономикалық міндеттердің арасынан жылдам өзгеруші экономика, технология мен халықаралық сауда жағдайларына бейімделу мүмкіндіктерін күшейту қажеттілігін ерекше көрсетеді. Жоғарыда аталған үдерістердің қарқынына теңсіз әсер теріс өңірлік, ұлттық, жергілікті салдарға алып келетін тұтас бір мәселелер кешенін тудыруға қабілетті. Жоғары білім осындай көптеген теріс үрдістерді болдырмауға қабілетті болып табылады. Мұндай үрдістерден шығу жөніндегі шешімдер ұлттық, жергілікті, өңірлік, әлеуметтік және мәдени құндылықтарды ескерумен жүзеге асырылуы тиіс[4].

Заманауи әлемде ЖОО-лар білім, ғылым, мәдениет саласында, әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастарда да мемлекет аралық ынтымақтастықты дамытуда маңызды роль атқарады.

Жоғары білім беру жүйесі сыртқы ортаның өзгерістеріне өте сезімтал келеді. Осылайша, технологиялардың дамуы ЖОО институционалды қызмет етуіне ықпал етті. Технологиялар аса дамыған жаңа дәуірде ЖОО басқарудың ішкі ортасын өзгертуге және нарықтық қарым-қатынастар қағидаттары бойынша жұмыс істеуге мәжбүр болды.

Б.Кларктың айтуынша, ЖОО бұдан әрі дәстүрлі институттар болып қала алмады, өйткені басқарудың бұл үлгісі қоршаған ортаның сұраныстарына тез бейімделуге мүмкіндік бермейді. Заманауи ЖОО-дан күтілетін үміттер үнемі артып келеді. Мемлекеттер ЖОО-лар олардың әлеуметтік серіктестері болады деп күтуде. Студенттер, негізгі игілік алушылар ретінде, сапалы білім алғысы келеді. Қоғам ЖОО-дан біліктілігі жоғары мамандарды даярлауды күтеді. Сондықтан да, заманауи ЖОО бұл - басқару қағидаттары дәстүрлі академиялық құндылықтармен аралас келетін ұйымдар. Анықтама үшін: Бертон Кларк (1921-2009жж.) – білім беру саласындағы әлеуметтанушы. Ол білім беруді жалпы дамуына айтарлықтай үлес қосты. Өзінің білім беру жүйесіндегі еңбек жолында АҚШ-тың жетекші ЖОО-ында (Беркли, Гарвард) жұмыс істеді. «Кәсіпкерлік университеттерді құру», «Университеттердегі өзгерістерді қолдау», «Жоғары білім беру жүйесі» кітаптарының және басқа да еңбектерінің авторы.

ЖОО автономиясы - ЖОО-дағы менеджментті орталықтандыру. ЖОО-ны басқару оқу ұйымының өзіне өтеді.

2007 жылғы Лиссабон декларациясы ЖОО автономиясының төрт түрін бөліп көрсетеді: -Академиялық автономия – академиялық бағдарламалар, оқыту әдістері және бағыттары, пәндер, ғылыми дәрежелерді тағайындау туралы шешімдер қабылдау қабілеті; -

Ұйымдастырушылық автономия – құрылымдық бөлімшелерді тәуелсіз құру және лауазымдарды тәуелсіз бекіту, келісім шарттар тәуелсіз жасасу, лауазымдық тұлғаларды және басқарушы органдарды тәуелсіз таңдау мүмкіндігі; - Қаржылық автономия – қаржыны алу және үлестіру, студенттердің оқу ақысы туралы шешімдерді қабылдау, профицитті жинау қабілеті; - Кадрлық автономия рекрутинг, мансаптық ілгерілеу және ЖОО-да ПОҚ жалақысын анықтауға жауапты болуды қамтиды.

ЖОО автономиясын кеңейту: Финляндияның тәжірибесін үлгі ретінде салыстырмалы түрде қарастырып өтсек. Финляндия мен Қазақстанның алғышарттары ұқсас. Екі мемлекетте де екі тілділік жүйеде дамыған (Қазақстан – қазақ және орыс тілдері, Финляндия – фин және швед тілдері). Тарихи тұрғыдан екі мемлекет те анағұрлым ірі мемлекеттердің құрамына кірген, бұл мемлекеттің бұдан әрі дамуына ықпал етті (Қазақстан 1920-1991жж. КСРО, Финляндия 1809-1919жж. Ресей империясының құрамында болды). Екі мемлекеттің білім беру жүйелерінде жоғары білім беруді орталықтандырылған басқару өңірлік қажеттіліктерді ескерумен біртіндеп анағұрлым икемді басқаруға ауысып жатыр.

1970-жж. соңында ЭЫДҰ Еуропаның 52 ЖОО-нда шешімдер қабылдаудың құрылымы бойынша зерттеулер өткізді. 20 мәселе – «автономия индексі» бойынша шешім қабылдаудың институционалдық билігі негізінде «Автономияның салыстырмалы индексі» анықталды ЭЫДҰ-ның 2003 ж. Университеттердің автономиясы жөнінде өткізген зерттеуі бүкіл әлемде жоғары білім беру саласындағы өзгеріп жатқан жағдайын көрсетті.

Финляндияның білім беру жүйесін реформалау Еуропадағы өзгерістермен қатар жүрді. Осылайша, мысалы, түбегейлі өзгерістердің басталуы кейбір дәрежеде 1990ж. жоғары білімнің «бастамалық дағдарысына» жауабы болды. Фин білім беру жүйесіне тән Университеттерді директивті стильде басқару өзін-өзі тауысты. Осылайша, ЖОО институционалдық автономиясын жоғарылату қажеттілігі айқын болды. Финляндия ЖОО-ның автономияға өтуі нарықтық экономиканың ықпалымен байланысты. Дегенмен, ЖОО-да оқыту жоғары білімнің әлеуметтік мәніне байланысты тегін болды да, болады да, және болып келеді.

1999ж. Фин Үкіметінің білім беру саласындағы Бес жылдық жоспары іске қосылды. Оның негізгі мақсаты - Болон моделінің элементтерін фин жүйесіне енгізу және Финляндияның бірыңғай еуропалық білім беру кеңістігіне қатысуы. Финляндияның университеттер туралы акты (1997ж. қабылданған, 2011ж. өзгертулер енгізілді) ЖОО автономиясының негізгі ережелері жазылған басты құжаттардың бірі.

Финляндияның жоғары білім беру жүйесі әлемдік рейтингтерде көшбасшы позицияларды алады. БҰҰ-ның «Ғаламшардың ең бақытты адамдары» рейтингі бойынша Финляндия 157 мемлекеттің ішінде топ-10 кіріп, 5-орында тұр (Қазақстан – 54-орын). IMD рейтингі мемлекеттер мен өңірлердің жұмыс орындарын құру және өз халқының әл-ауқатын жоғарылату мүмкіндіктерін өлшейді. Бұл рейтингте Финляндия 2016 жылғы қорытындылары бойынша 61 елдің ішінде 20-орынға ие болды (Қазақстан – 47-орын). U21 Жоғары білім берудің ұлттық жүйелерінің рейтингінде Финляндия 2016 жылы 50 мемлекеттің ішінде 5-орынға ие болды (Қазақстан – 47-орын, 2014 жыл). U21 рейтингі ЖОО-лар өз елдерінің экономикалық және мәдени дамуына үлесін қосатын елдің ішкі жағдайының маңыздылығын атап көрсетеді.

Байқау Кеңесі Финляндияда ЖОО-дың жоғарғы атқарушы органы болып табылады. Байқау Кеңесі ЖОО-да даму стратегиясын және басқару қағидаттарын анықтайды, ЖОО қаржы саясатының мәселелерін реттейді. Байқау Кеңесі ректор мен оның кеңсесін сайлау және қажеттілік туындаған кезде жұмыстан босату жөніндегі шешімдерді қабылдайды. Байқау Кеңесінің міндеттеріне ЖОО-ның институционалдық ережелерін және ұйымдастыру құрылымын әзірлеу, ЖОО-ға студенттерді қабылдау да кіреді.

Байқау Кеңесінің сандық құрамы 7-14 мүшеден тұрады. Байқау Кеңесі өкілдерінің нақты санын ЖОО ұжымы анықтайды. Ұжымдық шешімді ЖОО-ның ПОҚ, ӘБП, студенттері қабылдайды.

Финляндия ЖОО-ның ұйымдастырушылық автономиясының жоғары дәрежесі ұлттық деңгейде әсер етеді. Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің (ДЭФ ЖБИ) 2015/2016 «Менеджмент мектептерінің сапасы» индикаторына сәйкес Финляндия 140 мемлекеттің ішінде 13-орынды алады.

ЖОО-да оқу ақысының болмауы – Финляндия ЖОО қаржы автономиясы деңгейінің төмен болуының негізгі себебі. Финляндияда фин және швед тілдерінде жоғары білім алу Финляндия азаматтары үшін де, шетелдік студенттер үшін де тегін. Бұл Финляндия университеттері туралы Актің 8-бабында осылай делінді. *Анықтама үшін:* 2014 жылғы қазанда Финляндияның білім министрі Криста Киуру 2016 жылдан бастап ЕО кірмейтін мемлекеттердің студенттеріне оқу ақысын төлетуді енгізу туралы ұсыныс жасады. Дегенмен, қоғам бұл министрдің бастамасын қолдамады. Студенттер одағы бұл жаңалық Финляндия азаматтары үшін жоғары білім ақылы болуына әкеліп соқтырады деп қорықты. Білім министрлігі Фин ЖОО әлемдік білім беру нарығында беделі артады деп өз шешімін негіздеді. Қоғам болса, шетелдік студенттер білімнің интернационалуына ықпал етеді деп айтты (2013ж. Финляндиядағы шетелдік студенттердің үлесі – 7%). Осылайша, Білім министрлігінің бастамасының жолы болмады.

Дегенмен де, «Ұлттық/шетелдік студенттер үшін оқу ақысын анықтау», «Ұлттық/шетелдік магистранттар үшін оқу ақысын анықтау», «Ұлттық/шетелдік докторанттар үшін оқу ақысын анықтау» индикаторларды ескерілмесе, Фин ЖОО қаржы автономиясы айтарлықтай дамыған деуге болады.

Сонымен қатар, қаржы автономиясы индикаторлары Университеттер туралы Актің 5-бабында заңмен бекітілді: «Финляндияның ЖОО-лары тәуелсіз заңды тұлғалар болып табылады және жылжымайтын мүлікті иемдену және басқару, бизнеспен ынтымақтастық жасау, профицитті сақтау мүмкіндіктері бар».

Қазақстан мен Финляндиядағы автономияның деңгейін салыстырмалы талдау ЖОО автономиясын кеңейту еліміздің халықаралық көрсеткіштеріне оң әсер ететінін көрсетті. ЖОО-дың еліміздің дамуына қосатын үлесін бірден бағалау мүмкін емес. ЖОО болмашы өнім шығарады, тездік нәтижесі болмауы мүмкін. Автономия – ЖОО-дың жағдайы мен ішкі ортасы, ол ЖОО-дың анағұрлым көп үлес қосуына ықпал етеді.

Финляндияның тәжірибесі Қазақстан ЖОО автономиясын кеңейтудің дұрыс жолында келе жатқанын көрсетеді. Дегенмен, автономияның қағидаттарын жүйелі деңгейде енгізу барысында УЕҚ автономиясы индикаторларының жиектемесін қолдану керек. Автономияны жалпы жүйені жүргізбей енгізу қоғамның жоғары білімге деген сенімін жоғалтуға әкеп соқтыруы мүмкін, өйткені қоғам орталықтандыруды мемлекеттік бақылаудың жоғалуы деп түсінеді. Автономия түсінігі болса, керісінше, ЖОО-ның ең алдымен қоғам алдында ашық болуды және есеп беруді білдіреді. Сондықтан да, Қазақстанда ЖОО автономиясын ары қарай дамыту аталған факторларды ескерумен өткізілуі тиіс [5].

Біздің ойымызша Фин елінің ЖОО басқару жүйесін енгізу арқылы жоғары білім беру саласын дамытуға болады. Оған құқықтық тұрғыдан алғанда барлық құқықтық негіздер бар. Біздің Болон жүйесіне енгеніміз. Ұлттық Білім туралы заңымыздың болу және ЖОО туралы ережелердің болуы. Біздіңше тек жеклеген баптарға ғана өзгертулер мен толықтырулар енгізу арқылы, Фин елінің ЖОО басқару жүйесін енгізуге құқықтық кедергі болмас еді. Екінші мәселе, Фин елінде әлі де болса Жоғары білімді мемлекет өзекті мәселе ретінде қарастырып өз бюджетінен қаржыландырып отырған себепті де, сапа көрсеткіші жоғары болып отыр деп ойлаймыз. Сондықтан да, біздің әлеуметтік мемлекет ретінде де Жоғары білім беруді тек мемлекет қаражатының ғана қаржыландырсақ, осы саладағы толық жатқан сыбайластық пен құқық бұзушылықтар жойылып, Жоғары білім тиісті деңгейде дамып, сапалы мамандар даярлау ең негізгі міндеті мен мақсатына айналар еді. Өйтпегенде қазыргы жағдайда көптеген жеке ЖОО банкрот болмау үшін студенттің қалтасына жан-жақтан түсіп қана қоймай сонымен қоса, ПОҚ еңбек өткеріміндегі жүктемелерін арттырып күн көруді дағдыға айналдырып бара жатыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР 2005-2010 жылдарға арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 39, 516-құжат. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U040001459_/history
2. Дамитов Б. Қ. Жоғары білім бойынша заңды және нормативтік құжаттар жинағы. Сборник законодательных и нормативных док. по высш. образ... / бас ред... - Алматы : [б. и.], 1996. - 510 бет.
3. Современное состояние высшего образования в Республике Казахстан // Вестник высшей школы - А., 2005. - С. 92. Режим доступа - http://www.rusnauka.com/7_NND_2009/Pedagogica/42841.doc.htm
4. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. Режим доступа - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487>
5. "Білімді ел - образованная страна" №19 (56) от 11 октября 2016г. [//https://issuu.com/bilimdinevs/docs/___20/23](https://issuu.com/bilimdinevs/docs/___20/23).

ТМД ЕЛДЕРІНДЕГІ ЭНДАУМЕНТАЛДЫҚ ҚОРЛАРЫ ҚҰРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Омарова Бибижан Асылвна, Сaitова Алия Айдарқызы

muxametnur@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультетінің 1-курс студенттері

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.м., аға оқытушы Мырзатаев Н.Д.

muxametnur@mail.ru

Түйіндеме

Бұл мақалада әлемдік білім беру нарығында табысты бәсекелес жоғары оқу орындарының қаржылық стратегиялары, олардың кіріс құрылымының қазақстандық ЖОО-мен салыстырмалы талдауы қарастырылады. Қазақстан жоғары оқу орындарына әлеуетін арттыру бойынша және қаржылық дербестік жағдайында жұмыс істеуге дайын болу үшін ұсыныстар қарастырылады.

Кілттік сөздер: ТМД, эндаумент қорлары, фандрайзинг, ЖОО.

ТМД - Еуразия кеңістігіндегі өзара көмек және ынтымақтастық одағы. ХХ ғ. 90-жылдарындағы басты оқиғалардың бірі – социалистік жүйенің және оның негізінде құрылған халықаралық экономикалық қатынастардың ыдырауы. Социалистік жүйенің темірқазығы болып саналатын Кеңестер Одағының бірнеше тәуелсіз мемлекеттерге бөлінуі жаңа мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуына, өндірістің қысқаруына, елдердің арасындағы шаруашылық - экономикалық және әлеуметтік-мәдени байланыстардың әлсіреуінен, оның үзілуіне апарып соқты.

Кезінде Кеңестер Одағы құрамында болған тәуелсіз мемлекеттер өздерінің экономикалық мақсаттары мен басым бағыттарын жүзеге асыра отырып, бұрынғы одақтас республикалар арасында тарихи қалыптасқан еңбек бөлінісі мен өзара ынтымақтастықтың қажеттілігіне көз жеткізді. Сөйтіп, ынтымақтастықты дамыту және одан әрі жетілдіру мақсатында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы бұдан әрі - ТМД құрылды. Жаңа құрылған ТМД елдері экономикалық-әлеуметтік жағдайды орнықтырумен қатар, шекаралық мәселелерді де өз бетінше шешуге мәжбүр болды.

ТМД елдерінің құрылуы жаңа мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуымен, өндіріс өнімдерінің кенет төмендеуімен, елдер арасындағы экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени-әлеуметтік байланыстардың қысқаруымен қатар жүрді. ТМД елдеріндегі өндіріс өнімнің жалпы төмендеуін 100% деп есептесек, оның 60%-ы осы шаруашылық байланыстардың үзілуінен төмендеді.